

Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-8 "2018-2020 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 34-4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 қарашада № 4999 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-8 "2018-2020 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4543 тіркелген, 2018 жылы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2018-2020 жылдарға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті бекітілсін, соның ішінде 2018 жылға арналғаны келесі көлемдерде:

1) кірістер – 14 292 мың теңге:

салықтық түсімдер – 7 515 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 6 777 мың теңге;

2) шығындар – 14 292 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
сессиясының төрайымы

_____ М. Әбуова

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы

_____ Е. Әділбеков

Аудан мәслихатының
2018 жылғы 23 қарашадағы № 34-4
шешіміне қосымша
Аудан мәслихатының
2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-8
шешіміне 1-қосымша

2018 жылға арналған Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сома (мың теңге)
			1. Кірістер	14 292
1			Салықтық түсімдер	7 515
	01		Табыс салығы	2 704
		2	Жеке табыс салығы	2 704
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 811
		1	Мүлікке салынатын салықтар	366
		3	Жер салығы	427
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 018
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	6 777
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 777
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен түсетін трансферттер	6 777

Кестенің жалғасы

--	--	--	--	--

Функционалдык топ	Функционалдык кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сом (мың теңге)
				2. Шығындар	14 292
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14 182
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14 182
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14 182
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 182
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	110
	3			Елді мекендерді көркейту	110
		124		Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	110
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	110
				3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
				4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
				5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
				6. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	
				Қарыздар түсімдері	0
				Қарыздарды өтеу	0
				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК